

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

аспазшымыздың қолының жымысқысын да ескертіп өтті («Лен. жас»). Қолы сұғанақтықтан қолындағы сиырынан да айырылып қалды («Қаз. әдеб.») [1, 453-б]. Яғни, қазақ тіліндегі дене мүше атауларына «аузы+нан» тәуелді септеу категориясының шығыс септік формасы, «қолы+ның» тәуелді септеу категориясының ілік септік формасы жалғану арқылы жасалған. Жоғарыдағы фразеологизмдерге екінші сыңар ретінде «uzup» және «bozuk» адъективтері атрибутивті қызмет атқарып тұрса, қазақ тіліндегі фразеологизмдердің екінші сыңарлары - «ақ ит кіріп, қара (көк) ит шығады» және «жиендігі» бар, жымысқысы бар, сұғанақтығы бар». Біріншісі өз кезегінде етістіктің күрделі түріне, оның ішінде тұрақты етістікке жатса, соңғысы тәуелді зат есім мен модаль сөздің тіркесуі арқылы жасалып тұр.

Сонымен біз қазақ-түрік тілдеріндегі дене мүше атауларына қатысты фразеологизмдерді салыстыра келе, екі туыстас тілдің қолданысындағы тұрақты тіркестер морфологиялық құрылымы жағынан ұқсас болып, мағыналық жағынан да сәйкес келетінін байқадық. Фразеологизмдердің морфологиялық варианттары семантикасы, грамматикалық формасы, конструкциясы жағынан өзара эквивалентті, морфологиялық толық не қысқарған түрдегі компоненттердің алмасып келуі және құрамындағы соңғы компонентке түрлі теңеу жұрнақтарының жалғануы арқылы морфологиялық варианттар жасалады. Мұндай өзгерістер фразеологизмнің семантикасына әсер етпейді. Тұрақты тіркестерде сөз таптарының қолданысы әр түрлі болғанымен, контекстегі мағынасы ұқсас келеді. Әрине, бұл лексикологияның зерттеу объектісі десек те, тілдің, тілдегі форма мен мағынаның бір-бірінен ажырамас нәрселер екенін естен шығаруға болмайды. Талдау барысында байқағанымыздай екі тілге ортақ бірнеше фразеологизмдер ұшырасты. Яғни, мұндай тұрақты тіркестерді «түркі халықтарына ортақ» фразеологизмдер деп атауға болады деген тұжырымға келеміз. Бұл түбегейлі түрде зерттеуді қажет ететін лексикологияның бір мәселесі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.
2. Ömer Asım Aksoy. Deyimler sözlüğü. Türk tarih kurumu basımevi. – 1984. – 968 бет.
3. Смағұлов Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. Көмекші оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1996. – 128 бет.
4. Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 196 бет.
5. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы: - Оқулық. – Алматы, 2007. – 390 бет.
6. Қазақ грамматикасы. Астана. – 2002. - бет

ЭЛЕКТРОНДЫ КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ЖАНРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Уткельбаева Жұлдыз Аятқызы

zhuldyz.ayat@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің 1-курс магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент М.К.Ахметова

Коммуникацияның зерттелуі көптеген жалпы және жеке ғылымдардың маңызды міндеті болуы тегін емес. Себебі адамдардың қарым-қатынас жасауы – барлық әлеуметтік маңызды процестердің негізі болып саналады. Жазбаша коммуникацияның даму тарихын үш кезеңге бөліп көрсетуге болады. Бірінші кезең – жазба тілдің қалыптасуы, екінші кезең – Гутенбург революциясына байланысты, яғни ақпараттық материалдың тиражын көбейту мақсатында пайда болған баспа станогының қолданысқа енуі, үшінші кезең – электронды құралдардың дамуы [1, 225].

Дамудың соңғы кезеңі, яғни электронды құралдар ақпараттық ортаны ғана емес, сонымен қатар ерекше виртуалды әлемді, электронды коммуникация жасау мүмкіндігін

калыптастырып, желілік мәдениет пен тілді дамытты. Айтылым мәтіндерін жазбаша рәсімдейтін қарым-қатынас кеңістігіне айналған интернет желісі жаңа сапа мен жаңа мағынаға ие болды.

Қазақ тіл білімінде электронды қарым-қатынас тақырыбы аясында жас ғалымдардың ғылыми зерттеу мақалалары болмаса, электронды қарым-қатынас түрін тілдік аспектіде қарастыратын ірі ғылыми еңбектер әзірге жоқ. Электронды қарым-қатынас тек психологиялық, әлеуметтік, мәдениеттану аспектілерінде қарастырылған.

Е.И. Горошко ұсынған «виртуалды жанртану» термині тұрғысынан зерттеу нысаны болып отырған **«электронды коммуникация»** терминінің өзі қазіргі кезде бірнеше баламада қолданылады. Компьютерлік-жанама коммуникация (Е.В. Волкова, М.К.Раскладина, И.Н. Розина, Л.Ю. Щипицина), екінші жиі қолданыс «интернет-коммуникация» термині (Е.И. Горошко, Л.Ф. Компанцева), үшінші, төртінші орын «желілік коммуникация» (Е.П.Белинская, А.Е. Жичкина, К.Н. Обухов) және электронды қарым-қатынас немесе коммуникация терминдеріне (Е.Н. Галичкина, Е.И. Горошко, Т.И.Рязанцева, Ф.О. Смирнов) тиесілі. Кейбір зерттеушілер бұл коммуникация түрін «виртуалды дискурс» (Л.Ф. Компанцева, О.В.Лутовинова), интернет-дискурс (В.М.Громова, И.Ю. Егорова), компьютерлік дискурс (Е.Н. Галичкина, О.А. Леонтович) деп атап жүр [2, 36].

Терминологиялық жағынан алшақтық болғанымен бұл ұғымдар бір-бірімен тығыз байланысты. Дегенмен зерттеу барысында мынаны ескерген жөн: егер зерттеу жұмысында компьютер арқылы жасалған қарым-қатынастың қызметтік жағы қарастырылса, сәйкесінше дискурс ұғымы, ал электронды коммуникация термині көбінесе технологияның коммуникативті процеске әсерін және оның салдарын анықтауға арналған жұмыстарда қолданылады. Электронды қарым-қатынас ұғымының негізінде тұлғааралық қатынас сипаты жатыр. Ал коммуникация термині кеңірек мағынаға ие. Мысалы коммуникация деп отырғанымыз қоғамдағы ақпарат алмасу, қабылдау, тұлғааралық және бұқаралық қарым-қатынасты, түрлі дискурстарда түрлі арналар арқылы вербалды және вербалды емес қарым-қатынас түрлерінің барлығын т.б. қамтиды. Коммуникацияға тіркесіп қолданылып жүрген: электронды, виртуалды, желілік, цифрлық деген анықтаушы сөздер коммуникация процесі жүзеге асатын коммуникативтік арналардың өзіндік төл ерекшеліктерін көрсете алады.

Соңғы уақытта виртуалды кеңістікте дәстүрлі жанрлар жаңа сипатқа ие болды. Басты мақсатымыз – тек компьютерлік немесе электронды коммуникацияға тән белгілерді ажырату. Жалпы «электронды коммуникация» ұғымын зерттеуші ғалымдар жанрға бөлу және олардың белгілерін негіздеуде бір топтамға келмеген. Терминнің өзі кең қолданылып зерттелгенімен, жанр проблемасы - шешімін таппаған мәселе.

Электронды коммуникация жанрларын классификациялау бойынша Л. Антонова, А. Атабекова, Е. Буторина, Е.Вавилов, Е.Галичкина, Е.Жуленова, Е.Иванов, Д.Кристал, Н.Моргун, В.Нестеров, Г.Трофимова т.б. еңбектеріне шолу жасауға болады. Бұл ғалымдар еңбегінде термин әр түрлі және жүйесіз түрде берілген.

Ресей лингвистері арасында электронды коммуникацияның теориялық талдауын Е.Н. Галичкина ұсынды. Зерттеушінің пайымы бойынша, электронды коммуникацияға қатысты «дискурс» терминін бірнеше ракурста қарау керек. Коммуникативтік аспектіде дискурс – вербалды қарым-қатынас ретінде, құрылымдық-семантикалық аспектіде – сөйлемнің мағынасын кеңейтетін мәтіннің фрагменті ретінде, құрылымдық-стилистикалық аспектіде – ауызекі тілдің ұйымдасуы ретінде, әлеуметтік-прагматикалық аспектіде – қарым-қатынас жағдаятына негізделген мәтін түрінде қарастырылады.

Е.Н. Галичкина электронды коммуникацияның жанрларын былайша жіктейді: электронды почта, электронды сөйлесулер (чаттар), электронды хабарландыру маңдайшалары және компьютерлік конференциялар [3, 89].

Д. Кристал «Язык и интернет» еңбегінде интернетті қолдану жағдаятына байланысты бірнешеге бөледі: электронды почта, синхронды және асинхронды чаттар, виртуалды әлемдер, веб мәтіндер. Бұл электронды қолданыс түрлерінің әрбірі жеке тілдік ерекшеліктерге ие. Мысалы электронды хаттардың өзіне тән композициялық құрылымы бар:

титулды бетте жіберуші туралы ақпарат, хат тақырыбы, мәтіні, қосымшаларға сілтеме, жіберілген мерзімі көрсетіледі [4, 189].

Мысалы: Л.Ю. Иванов тақырыптық ерекшеліктеріне қарай мынадай классификация ұсынады:

1. Жалпы ақпараттық жанр (жаңалықтар жанры). Мысалы: *baq.kz, nur.kz, abai.kz, т.б*

2. Ғылыми, білім беру және арнайы ақпараттық жанрлар (электронды ғылыми басылымдар, интерактивті оқу курстары, виртуалды университеттер, т.б.). Мысалы: *soyle.kz, bilimsite.kz,*

3. Көркем-әдеби жанрлар. Интернетке салынған бұрын баспадан шығарылған дәстүрлі әдеби шығармалар және тек интернетте жариялайтын жазушылардың еңбегі, т.б. Мысалы: *adebiportal.kz, kitap.kz, т.б.*

4. Арнайы және кәсіби емес (чат, әлеуметтік желілер, электронды почта, т.б.) Мысалы: *what's app, в контакте, фейсбук, т.б.*

5. Ресми және коммерциялық жанрлар (ірі компаниялар сайтындағы ақпараттар, ақпараттық маңдайшалар, тек жарнамалық қана емес, сондай-ақ танымдық сипаттағы ақпараттар, баннерлер т.б.). Мысалы: *telecom.kz т.б.*[5].

Ал Е.А. Буторина: ресми қатынас, фатикалық қатынас, ойын қарым-қатынасы, жарнама деп бөледі [6].

Біздіңше, классификация жасауда виртуалды қарым-қатынас ерекшеліктеріне негіздеген ұстаным құнды болып саналады. Келесі ғалым Г.Н. Трофимова виртуалды мәтіндерді жасалуына және мақсатына қарай екіге бөледі: **алдын-ала даярланған**, яғни **редакцияланған жазбаша мәтін** және **ауызша-жазбаша мәтін (дайындықсыз, дәл сол уақыттағы)** [7]. Мысалы Қазақстан Ұлттық музейінің жеке парақшасындағы (*kazmuseum.kz*) мына ақпарат алдын-ала даярланған, **редакцияланған жазбаша мәтін**: *Назар аударыңыз! Ертең 28 қараша күні Астана қаласындағы Ұлттық музей сағат 10.00-ден 21.00-ге дейін тегін жұмыс істейді. Демалыстарыңыз сәтті өтсін!* Ал осы хабарландыру соңында жазылған комментарийлер, сұрақтар **ауызша-жазбаша мәтін (дайындықсыз, дәл сол уақыттағы)** болып саналады. Мысалы: Қолданушылар: 1. - *Барлық зал тегін бе сонда?* 2. - *Мен барам, бұйырса, түстен кейін.* 3. - *Балалармен кірсе бола ма екен?* т.б.

Ал В. Ю. Нестеров болса, электронды коммуникацияны: оффлайндағы және онлайндағы диалог, оффлайндағы және онлайндағы полилог [8, 125] деп қарастырады. Жоғарыда берілген диалог оффлайндағы диалог болып саналады. Себебі қолданушылар тарапынан қойылған сұрақтарға музей тарапынан онлайн режимінде емес, біраз уақыт өткен соң жауаптар берілген. Нысан болып отырған кеңістіктің бұл түрі – виртуалды, гиперкеңістік, киберкеңістік т.б. ретінде аталып жүр. Бұл виртуалды орта адам өмірінің айырылмас бөлшегіне айналды. Әрбір адамның жеке электронды почтасы, әлеуметтік желілерде жеке парақшасы, жеке сайты т.б. бар. Электронды байланыс жасау басқа қарым-қатынас түрлерінен ерекшеленеді. Алынған хабарлама оқылып болған соң, оның мәтініне қайтадан қайтып келмейді. Егер жіберуші, монитордағы хабарламасынан жіберілген қателерді көрсе, ол тағы бір түзетілген хабарлама жібереді. Лингвистикада бұл түсінік метамәтін деп аталады, яғни өзге мәтінді түсіндіруге бағытталған мәтін. Чат мәтіні диктафон жазбасының жазбаша фиксациясын еске түсіреді. Чаттағы сөйлесім – ауызша сөйлесімнің осындай фиксациясы болып табылады, оның жазбаша түрдегі көрінісі айтылғанды талдау және түзету мүмкіндіктері жазбаша тілдің кейбір белгілерін теориялық жағынан сақтағанымен ауызша сөйлесімге ұқсас.

Электронды қарым-қатынастың тағы бір маңызды ерекшелігі қатысушылар арақашықтық, саяси шекаралар бойынша немесе тілдік кедергілермен шектелмеген. Сондай-ақ И.Г.Сидорова өз зерттеуінде интернеттегі жазбаша қарым-қатынасқа тән белгілер: виртуалдылық, интерактивтілік, жаһандылық, креативтілік, құпиялылық деп көрсетеді [9, 76]. Осы аталған ерекшеліктердің мәнін ашу, интернеттің бұқаралық коммуникация құралы ретінде коммуникацияға қатысушылардың мінез-құлқына, жалпы қоғамдық санаға әсерін, жалпы мәдениет тенденциясының динамикасын анықтау, тілдік проблемалар мен

өзгешеліктерді байқау және электронды мәтіндерге дискурстық талдаулар жүргізу үшін интернеттегі қарым-қатынасты зерттеу маңызды болып отыр. Электронды коммуникация мәселесін осы аспектілер аясында қарастыру үшін алдымен жанрлық түрлерін топтастырып, жүйелеп алған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Иванов В.Ф. Массовая коммуникация. – М.: 2013, 356 с.
2. Горошко Е.И. Виртуальное жанроведение: устоявшееся и спорное // Ученые записки Таврического национального университета имени В.И. Вернадского. 2011 №1., С. 115-117.
3. Галычкина Е.Н. Специфика компьютерного дискурса на английском и русском языках. Диссеркандидата филологических наук - Астрахань, 2001, 212 с.
4. Кристалл Д. Cambridge University Press, 2004, 272 с.
5. Иванов Л.Ю. Язык интернета: Заметки лингвиста . – 2000. – [Электронный ресурс]. – URL: <http://www.faq-www.ru/lingv.htm>
6. Буторина Е.А. Интернет как лингвистический феномен. Граммота.ру – справочно-информационный ресурс «Русский язык» - 2001, [Электронный ресурс]. – URL: http://www.gramota.ru/biblio/magazines/gramota/net/28_50
7. Трофимова Г.Н. Проблемы интернет-коммуникации: межкультурный аспект // Вестник РУДН. 2012 №1. С.115-118.
8. Нестеров В.Ю. Нестерова Е.И. Некоторые аспекты коммуникационных процессов в Сети с точки зрения культурологии // 5-я Международная научно-практическая конференция Информационные системы и технологии "Виртуальный мир Инфосферы: практическое использование человеком". Владивосток, 1998, С.125-129.
9. Сидорова И.Г. Коммуникативно-прагматические характеристики жанров персонального интернет-дискурса. Дис. канд. филол. наук. – Волгоград, 2014, 249 с.

ӨОЖ : 82-3:398

ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ САЛТ ПЕН ӘДЕТ ҒҰРЫПТАР

Үшкемпір Алтынай

Altynai_95.kz@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

филология факультеті «5В011700» - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Мақпал Оразбек.

Отбасылық салттың суреттелуі. Алғашқы қауымдық құрылыста бүкіл ру-тайпаның тіршілігін ойлау – ортақ міндет, сондықтан оның тағдырына әсер ететін ғұрыптарды бірлесіп өткергені белгілі. Адамдар тамақ қамымен аңға шыққанда отбасында қалған басқа адамдар да, далада жүрген аңшылардың өздері де дем алған сәттерінде олжалы қайту үшін және жол үстінде оқыс жағдай болмау үшін аңдар туралы жақсы сөздер, аңыздар айтатын болған. Көңілсіз әңгіме айтуға болмайтын.

Табиғат пен адамның бірлігі бұзылмаған кезде тотемдік сеніммен адамдардың аңға деген құрметі де ерекше. Анды не малды сойған кезде «сенде жазық жоқ, менде азық жоқ» деп айтудың өзі аң иесін ренжітіп алмау үшін кінәні өздерінен аударудан туған. Яғни ру-тайпаға ортақ ұстаным әулет, отбасында міндет болды.

Отбасылық ғұрыптардың кездесуі: Ш.Мұртазаның "Ай мен Айша" романындағы аластау, бесік жыры, тіл көзден сақтану шаралары, С.Ләмбекұлы "Арыстар" романындағы Нығмет Нұрмақов пен Сәкен Сейфуллин арасындағы құдаласу, ежеқабыл салтының еске алынуы, С.Сматаевтың "Елім-ай" шығармасында қалыңдықтың аулына күйеудің қоржын